

FTAXP 06.39.02
ӘОЖ 332.12
JEL M40, G34

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-1-25-40>

БАЙБУЛЕКОВА Л.А.,¹

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
e-mail: leila_abdibaevna@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-6820-6035

КАСЫМБЕКОВА Г.Р.,*²

PhD, қауымдастырылған профессор.
*e-mail: g.kasymbekova@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ОҢАЛТАЕВ Д.О.,³

Э.ғ.к., профессор.
e-mail: darkhano@inbox.ru
ORCID ID: 0000-0002-4247-5288

МОЛДАХОЖАЕВ Ш.Ш.,⁴

З.ғ.м., аға оқытушы.
e-mail: mshsh@bk.ru
ORCID ID: 0000-0002-2351-0105

¹К. Сағадиев атындағы халықаралық бизнес университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²«Туран» университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

⁴Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ҮШІН ІШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Андатпа

Ішкі аудит қазіргі заманғы корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және ұйымның ішкі бақылау тетіктерінің тиімділігін бағалау мен жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Ішкі аудит кәсіпорын ішіндегі тәуелсіз қызмет ретінде қарастырылып, басқару процестерін жетілдіруге, ресурстарды тиімді пайдалануға және тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Бұл зерттеу ішкі аудит жүйесінің мазмұнын, оның функцияларын, ұйым ішіндегі басқарушылық есептілікті жетілдірудегі рөлін және экономикалық шешімдер қабылдаудағы маңыздылығын талдауға арналған. Мақалада ішкі аудит пен ішкі бақылау жүйесінің өзара байланысы қарастырылып, олардың ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі маңызы айқындалған. Зерттеу барысында ішкі аудиторлардың негізгі функциялары мен міндеттері анықталып, қазақстандық кәсіпорындар жағдайында ішкі аудитті тиімді ұйымдастырудың тетіктері ұсынылды. Сонымен қатар, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне әсер ететін факторлар мен оны жетілдіру жолдары сарапталған. Авторлар басқарушылық есептіліктің сапасын арттыруда ішкі аудиттің әдістемелік және ақпараттық базасын дамыту қажеттігін атап өтеді. Ішкі аудит басқарушылық есептіліктің дұрыстығын, уақтылығын және өзектілігін қамтамасыз ету арқылы компания басшылығына стратегиялық шешім қабылдауда сенімді ақпарат береді. Бұл өз кезегінде ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға және жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде басқарушылық есептілікті жетілдірудің заманауи бағыттары айқындалды, соның ішінде цифрлық технологияларды енгізу, тәуекелге негізделген аудит әдістерін пайдалану және ішкі аудит қызметін автоматтандырудың артықшылықтары көрсетілді. Ішкі аудитті жетілдіру арқылы ұйымдар өз қызметінің ашықтығын, икемділігін және ұзақ мерзімді даму стратегияларын іске асыру қабілетін күшейте алады.

Тірек сөздер: аудит, ішкі аудит, ішкі бақылау жүйесі, бюджеттеу, көрсеткіштерді бағалау, басқарушылық есептілік, есептіліктің сапасы.

Кіріспе

Қазіргі таңда экономиканың жаһандану үдерісі, нарықтық қатынастардың күрделенуі, цифрлық трансформацияның қарқынды дамуы ұйымдардың басқару жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Әсіресе, басқарушылық шешімдердің сапасы мен уақтылы қабылдануы ұйым қызметінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда басқарушылық есептілік көрсеткіштерін дұрыс қалыптастыру және оларды объективті бағалау мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Басқарушылық есептілік ұйымның ішкі басқару қажеттіліктеріне арналған ақпараттық база болып табылады. Ол шығындар құрылымын талдауға, табыстылық деңгейін бағалауға, қаржылық тұрақтылықты болжауға және стратегиялық жоспарлау жүргізуге мүмкіндік береді. Алайда басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің дәлдігі мен сенімділігі тиісті бақылау жүйесімен қамтамасыз етілмесе, қабылданған басқарушылық шешімдердің сапасы төмендейді.

Осыған байланысты ішкі аудиттің рөлі айрықша артып отыр. Ішкі аудит тек қана бақылау функциясын атқармайды, сонымен қатар тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету және басқару тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылады. Басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру процесінде ішкі аудит ақпарат көздерінің толықтығын, есептеу әдістемесінің дұрыстығын, көрсеткіштердің экономикалық негізділігін және стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін бағалайды.

Қазіргі жағдайда кәсіпорындарда цифрлық технологияларды енгізу, автоматтандырылған есеп жүйелерін пайдалану, талдаулық құралдарды қолдану басқарушылық есептіліктің мазмұнын күрделендіруде.

Бұл өз кезегінде ақпараттық тәуекелдердің, деректердің бұрмалану ықтималдығының және жүйелік қателіктердің артуына алып келеді. Сондықтан басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің сапасын қамтамасыз етуде ішкі аудитті ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Сонымен қатар, корпоративтік басқару қағидаттарының дамуы, ашықтық пен есеп берушілік талаптарының күшеюі ұйым ішінде тиімді бақылау ортасын қалыптастыруды қажет етеді. Ішкі аудит басқару жүйесінің ажырамас элементі ретінде басқарушылық есептіліктің стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін, ресурстарды тиімді пайдалануды және тәуекелдерді оңтайлы басқаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстандық кәсіпорындар тәжірибесінде басқарушылық есептілік пен ішкі аудит арасындағы өзара байланысты жүйелі түрде зерттеу жеткіліксіз деңгейде қарастырылған. Көптеген ұйымдарда ішкі аудит тек қаржылық есептілік шеңберінде жүзеге асырылады, ал басқарушылық көрсеткіштердің сапасын бағалау екінші кезекке қалдырылып жатады. Бұл жағдай ұйымның стратегиялық дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Осыған орай, басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру және бағалау үшін ішкі аудитті ұйымдастыру мәселесін кешенді түрде қарастыру – қазіргі экономикалық жағдайда ерекше маңызға ие.

Зерттеу нәтижелері басқарушылық есептілікті жетілдірудің теориялық негіздерін толықтыруға, ішкі аудиттің әдістемелік құралдарын дамытуға және кәсіпорындардың практикалық қызметінде тиімді басқару тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру және бағалау үшін ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелерін кешенді түрде қарастыратын ғылыми еңбектер мен әдістемелерге сүйенеді. Зерттеу әдістерінің теориялық және практикалық негіздері төмендегідей авторлар мен көздер бойынша құрылды [2].

Дж.Р. Моксонның еңбектері ішкі аудиттің ұйымдастырушылық функциясын, оның басқарушылық есептілікке әсерін терең талдауға бағытталған. Ішкі аудиттің тәуекелге негізделген аудит әдіснамасын, аудит стандарттарын және басқарушылық есептілікті бағалауда қолданылатын негізгі тәсілдерді сипаттайды [3].

Л. Хаммер Процестерді қайта құру және ағымдық процестерді талдау әдістеріне негізделген. Басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастырудағы ішкі аудиттің стратегиялық әсерін көрсету үшін авторлардың жұмыстарынан әдістемелік тәсілдер алынды [4].

Institute of Internal Auditors (IIA) – International Professional Practices Framework (IPPF). Ішкі аудиттің кәсіби стандарттары мен принциптері, тәуекелге негізделген аудит әдістері, ішкі бақылауды бағалау қағидалары зерттеу материалдарының негізгі әдістемелік негізін құрайды [5].

Сонымен қатар, зерттеу мақсаты басқарушылық есептілікті қалыптастыру процесін оңтайландыруға, ұйымның экономикалық шешімдер қабылдау қабілетін арттыруға және ішкі аудитті стратегиялық басқару құралы ретінде қолдану мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған.

Р. Аткинсон, Д. Баланд, Э. Байроне және Л. Хилтон. Ғылыми еңбектерінде басқарушылық есептіліктің теориясы мен практикасындағы жетекші еңбектердің авторлары. Авторлар басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің құрылымы, жүйеленуі және олардың стратегиялық басқарудағы рөлін талқылайды. Бұл еңбектер басқарушылық есептілікті қалыптастырудың методологиялық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Басқару шаруашылығындағы нәтижеге бағдарланған көрсеткіштер жүйесін талдау, көрсеткіштерді стратегиялық мақсаттарға сәйкестендіру әдістері зерттеу материалдары ретінде қолданылды.

Басқарушылық есептілік көрсеткіштеріне тәуекелдерді бағалаудың экономикалық-статистикалық модельдері мен аналитикалық тәсілдерін ұсынады.

Саймон Г. Басқарушылық шешім қабылдаудың теориялық моделі мен ақпарат сапасы көрсеткіштерінің шешім қабылдауға әсерін сипаттайды. Бұл зерттеу басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің сапалық бағасын жасау үшін маңызды [6].

Kaplan R. & Norton D. (1996) The Balanced Scorecard: Translating Strategy into Action. Баланс көрсеткіштері (Balanced Scorecard) жүйесін ұсынған авторлар басқарушылық есептіліктің стратегиялық компоненттерін сандық көрсеткіштерге айналдыру тәсілдерін сипаттады [7].

Эмпирикалық талдаулар:

- ♦ стратегиялық көрсеткіштер мен қаржылық көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыс;

- ♦ көрсеткіштер топтарының басқару шешімдеріне әсер ету тиімділігін регрессиялық есептеулер.

Басқарушылық есептің негізгі құрамдас элементтеріне шығындар мен шығыстарды есепке алу, бюджеттеу, нормалау, талдау, ішкі бақылау және басқарушылық есептілікті қалыптастыру жатады. Егер есеп беру жүйесі дұрыс құрылмаса немесе ескірген ақпарат берсе, бұл ұйым қызметіне айтарлықтай зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін уақтылы, шынайы және талдамалық тұрғыдан толық ақпарат қажет.

Мұндай ақпаратты алу мен талдау ішкі аудит қызметінің басты функцияларының бірі болып табылады, себебі ол ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін терең зерттеу арқылы проблемалық аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қаржылық және экономикалық қызметті ұйымдастыруда басқарушылық есептілік пен ішкі аудиттің теориялық аспектілерін зерделеуге бағытталған.

Халықаралық және отандық тәжірибелерді салыстыра отырып, басқарушылық есептіліктің құрылымдық айырмашылықтарын талдау, өнім мен қызмет сапасын қамтамасыз ету, ішкі процестерді цифрландыру және басқару жүйесін компьютерлендіру қазіргі заманғы ұйымдардың стратегиялық басымдықтарына айналып отыр [8].

Зерттеу материалдары мен әдістері халықаралық стандарттарға және жетекші ғалымдардың теориялық жұмыстарға негізделген. Бұл тәсілдер басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ішкі аудиттің тиімді ұйымдастырылуын дәлелдейтін сенімді ғылыми негізді құрайды.

Ішкі бақылау жүйесінің ең дамыған және құрылымдық тұрғыдан тиімді нысаны – ішкі аудит қызметі. Ішкі бақылаудың мәні басқарудың түрлі деңгейлерінде орындалатын бақылау функцияларын үйлестіру және жоғары басшылықтың жұмысын оңтайландыру болып саналады. Ресейлік экономистердің пікірінше, ішкі бақылау – бұл қызметкерлердің функционалдық міндеттерін тиімді орындауы үшін басшылық тарапынан жүзеге асырылатын басқару шараларының жиынтығы.

Ішкі аудит пен менеджмент өзара байланыста әрекет етеді, себебі екеуінің де негізгі мақсаты – ұйымның тиімділігін арттыру. Аудиторлар мен менеджерлер есептіліктің ашықтығын, құжаттаманың дұрыстығын және ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте құпия ақпаратқа қол жеткізетін тұлғалардың деректерді жариялауға немесе жеке мақсатта пайдалануға құқығы жоқ екендігі ерекше атап өтіледі [9].

Осылайша, ішкі аудит пен басқарушылық есептіліктің өзара байланысы ұйымның стратегиялық дамуының, тұрақтылығы мен тиімділігінің негізін қалайды. Олар бірлесе отырып басқарушылық шешімдерді ғылыми негізде қабылдауға, тәуекелдерді төмендетуге және ресурстарды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Көптеген экономистердің пікірінше, қазіргі уақытта басқарушылық есеп беруді қалыптастыру үшін ішкі аудитті ұйымдастырудың алғы шарттары бар (1-кесте).

1-кестенің деректеріне сүйене отырып, басқарушылық есептілік жүйесіндегі үлес салмағы артық ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталады деп қорытынды жасауға болады.

Кесте 1 – Ішкі аудитті ұйымдастырудың алғы шарттары

№	Қажеттіліктің алғы шарттары	Ұйымдастырушылық алғы шарттар
1	2	3
1	Ұйым құрылымындағы төменгі буындарға қатысты жоғарғы буындардың заңмен регламенттелген бақылау функциясының болуы	Басқару құрылымының кез келген деңгейінде нақты қолданыстағы регламенттелген ішкі бақылау органының болмауы
2	Күрделі және көп деңгейлі басқару ұйымдарының болуы	Аудиторлық қызметті реформалауға байланысты ішкі аудит органын құру үшін заңнамалық алғы шарттардың болуы
3	Ұйымдар қызметінің көлемі мен түрлерінің өсуі	Бақылаудың жұмыс істеу дәстүрлерінің болуы
4	Әртүрлі деңгейдегі бақылау органдары арасындағы өзара іс-қимыл мен өзара байланыстың болмауы	Тік және көлденең өзара іс-қимыл жүйесінде ішкі бақылаудың белгілі бір функцияларын орындау
5	Ішкі бақылау мен ішкі аудитті ұйымдастырудың бірыңғай ережелерінің болмауы	Ішкі аудитке тән функцияларды орындайтын әртүрлі бөлімшелердің нақты аражігін ажырату
6	Кәсіби консалтингтің қажеттілігі	Сапа менеджменті жүйесін енгізу
Ескертпе: Авторлармен құрастырылды.		

Ішкі аудитті тиімді ұйымдастыру – ұйымның басқару жүйесін жетілдіру мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады. Қазіргі таңда ішкі аудит тек қаржылық тәртіпті бақылау құралы ғана емес, сонымен бірге стратегиялық басқару шешімдерін қабылдауға ықпал ететін аналитикалық және кеңес беру қызметінің ажырамас бөлігіне айналды.

Ішкі аудитті ұйымдастырудың негізгі алғы шарттарына мыналар жатады:

Нормативтік-құқықтық негіздің қалыптасуы. Ішкі аудит жүйесінің тиімді қызмет етуі Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңдарымен, сондай-ақ халықаралық аудит стандарттарымен (ISA) және Ішкі аудиторлар институтының (IIA) кәсіби стандарттарымен реттеледі. Бұл құжаттар ішкі аудиттің мазмұнын, мақсаттарын, қағидаттарын және этикалық нормаларын айқындайды [9].

Ұйымның корпоративтік басқару мәдениеті. Ішкі аудиттің дамуы мен оның нәтижелілігі компанияның корпоративтік басқару құрылымына және ұйым мәдениетіне тікелей байланысты. Ашықтық, жауапкершілік, есептілік және бақылау қағидаттарына негізделген корпоративтік басқару жүйесі ішкі аудит қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Басшылықтың қолдауы мен тәуелсіздік қағидаты. Ішкі аудиттің табысты қызмет атқаруы үшін ұйым басшылығының қолдауы және аудиттің ұйымдастырушылық тәуелсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ішкі аудиторларға өз қызметін объективті түрде жүзеге асыруға және кез келген басқару деңгейіндегі кемшіліктерді еркін анықтауға мүмкіндік береді.

Құзыретті кадрлық әлеуеттің болуы. Ішкі аудит жүйесін жетілдіру үшін кәсіби білімге, аналитикалық ойлау қабілетіне және заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дағдысына ие мамандар қажет. Аудиторлардың үздіксіз кәсіби дамуы мен біліктілікті арттыру бағдарламалары ішкі аудит сапасының негізгі көрсеткіші болып саналады [10].

Ақпараттық қамтамасыз ету мен цифрлық технологияларды енгізу. Қазіргі заманғы ұйымдарда ішкі аудит процестері Big Data, ERP-жүйелері, Business Intelligence және жасанды интеллект сияқты технологиялардың көмегімен автоматтандырылуда. Бұл ішкі аудиттің тиімділігін арттырып, тәуекелдерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Тәуекелге негізделген тәсілді қолдану. Ішкі аудитті ұйымдастырудың маңызды шарты – тәуекелге бағдарланған жоспарлау жүйесін енгізу. Бұл тәсіл ресурстарды неғұрлым жоғары тәуекел аймақтарына шоғырландыруға және аудит тиімділігін арттыруға бағытталған [11].

Байланыс және есептілік жүйесінің тиімділігі. Ішкі аудит қызметінің нәтижелері ұйым басшылығына, директорлар кеңесіне немесе аудит комитетіне уақтылы жеткізіліп, ұсыныстарды орындау бойынша бақылау орнатылуы тиіс. Есептіліктің ашықтығы мен кері байланыс механизмі ішкі аудит сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады.


Сонымен, ішкі аудитті ұйымдастырудың алғы шарттары ұйымның басқару құрылымының жетілгендігімен, ақпараттық және кадрлық ресурстардың жеткіліктілігімен, сондай-ақ корпоративтік мәдениеттің даму деңгейімен тығыз байланысты. Бұл шарттар кешенді түрде орындалған жағдайда ғана ішкі аудит стратегиялық басқару құралына айналып, ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Басқару міндеттерін шешу көбінесе ақпарат алу процесінде ұйымдастырылады. Қарастырылған басқару кемшіліктері басқару қызметін жүзеге асыруда технологиялық тәсілді қолдану кезінде тегістеледі.

Нәтижелер мен талқылау

Ішкі аудитті ұйымдастыру бойынша әртүрлі іс-шараларды өткізу басқарушылық есептілікті дайындауға әсер ететіндігіне байланысты. Басқару шешімдерін уақтылы қабылдау үшін және барлық көзделген мәліметтерді дайындайтын, жүзеге асыратын қабілеті бар персоналды таңдауды ұсынамыз.

Әкімшілік басқару практикалық қызметті басқарумен ерекшеленеді. Басқарудың бұл түрі басқарушылық есептілікті беруге бағытталған. Осы тұрғыдан қарастырып, 1-суретте басқарудың кемшіліктерін анықтадық.



Сурет 1 – Басқару процесінің кемшіліктері

Ескертпе: Авторлармен [11] дереккөз негізінде құрастырылған.

1-суретте көрсетілгендей, басқарудың кемшіліктері басқарушылық есептіліктің ақпараттарына әсер етеді:


1) бұл ақпараттық жүктеменің өте үлкен дәрежесін құрайды, өз кезегінде өнімділік деңгейін төмендетеді;

2) ақпаратты жинаудың ең жиі, яғни апта сайынғы түрі – бұл қызметкерлердің есептері мен есептері, осы кемшілікке әкеледі;

- 3) заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануды арттыру;
 4) бірақ көп жағдайда басшылық бұл қамқорлықты импульсивті жұмыс жүктелген бағыныштыларға ауыстырады;
 5) негізінен бухгалтерлік есеп пен ішкі аудиттің ақпараттық базасын қолдану қажет.
 Сондай-ақ, шешім қабылдаудың дұрыстығына назар аударуға және кері байланыс қағидаты бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз.

Маңызды қаржылық бұрмалаушылықтарды, сондай-ақ проблемалық аймақтарды анықтаудың тиімді әдістері. Ішкі аудитсіз басшылық пен қызметкерлер проблема бар екенін білуі мүмкін, бірақ оның шығу тегін анықтай алмайды. Ішкі аудит осы мәселенің көзін анықтайды. Ол сондай-ақ операциялық қызметті жақсарту үшін ағымдағы қаржылық жағдайды түсінуге мүмкіндік береді [12].

Көбінесе ұйымдар есеп беру процестерін дамытуға тырысады, бірақ қажетті нәтижелерге қол жеткізуді жіберіп алады. Басқару есептілігін жасау кезінде туындайтын жалпы мәселелер 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Басқару есептілігі ақпараттарына әсер етуші факторлар

Ескертпе: Авторлармен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.

2-суретте басқару есептілігін жасаудағы қажетті мәселелер қарастыра отырып ұйымдарға есеп беру процесінде қажетті нәтижелерді алу үшін ішкі аудиттің қолайлы әдістерін қолдануды ұсынамыз.

Қазіргі заманғы ұйымдарда басқарушылық шешімдердің тиімділігі көбінесе ұсынылатын ақпараттың сапасы мен уақтылығына тәуелді. Басқарушылық есептілік – ұйымның стратегиялық және тактикалық мақсаттарына жету үшін ішкі пайдаланушыларға арналған талдамалық ақпаратты ұсыну жүйесі. Дегенмен, бұл жүйені қалыптастыру барысында бірқатар күрделі мәселелер туындайды, олар басқару тиімділігіне тікелей әсер етеді [13].

Ішкі аудит қызметі ұйымның қаржылық және басқарушылық есептілік сапасын қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Оның сапасы, тәуелсіздігі және белсенділігі басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне тікелей әсер етеді. Қазақстандағы ірі компаниялардың мысалында (Kazakhtelecom, NC KazMunayGas) ішкі аудит көрсеткіштері талданып, олардың басқарушылық есептілікке ықпалы келесі кестеде қарастырылды.

Кесте 2 – Ішкі аудит қызметінің көрсеткіштері және басқарушылық есептілік (2023–2024 жж.)

Ұйым	Жыл	Ішкі аудитке қатысты көрсеткіштер
Kazakhtelecom	2023	Ішкі аудит қызметі 16 аудитісшарасын орындап, жылдық жоспарды 107% орындаған. Сондайақ, сыртқы бағалау бойынша ішкі аудит қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі 98% деңгейінде. (Казакхтелеком)
National Company KazMunayGas	2024	Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға жоспары 22 аудит болып белгіленген, шын мәнінде 35 аудит өткізілген; аудит нәтижесінде 466 ұсыныс берілген. (КазМунайГаз)
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Kazakhtelecom АҚ және KazMunayGas АҚ ішкі аудит қызметі жоспардан асып орындалған, бұл қызметтің белсенділігін көрсетеді. Сыртқы бағалаулар бойынша қызметтің халықаралық стандарттарға сәйкестігі жоғары, тәуелсіздік сақталған.

Ал аудит нәтижелері бойынша ұсыныстар мен олардың орындалуын бақылау басқарушылық шешімдерді қолдауға және есептілік сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Ішкі аудиттің сапасы мен тәуелсіздігі басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Белсенді ішкі аудит ұйымның тәуекелдерді басқару мүмкіндігін арттырады және қаржылық есептіліктің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Аудит нәтижелері бойынша ұсыныстарды орындау басқарушылық шешім қабылдауды қолдайды.

Қазақстандағы ірі компанияларда ішкі аудит басқарушылық есептіліктің сенімділігін қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады.

Басқарушылық есептілікті дайындау кезіндегі негізгі мәселелерге мыналар жатады:

- ◆ Бірегей әдістемелік базаның болмауы. Басқарушылық есептіліктің мазмұны мен құрылымы ұйымның ерекшелігіне байланысты қалыптасады, сондықтан оны реттейтін бірыңғай заңнамалық және әдістемелік база жоқ.

- ◆ Нәтижесінде әр компания есепті өз қалауынша жүргізеді, бұл ақпараттың салыстырмалылығын төмендетеді және талдау барысында қиындықтар туғызады.

- ◆ Бухгалтерлік және басқарушылық есеп арасындағы үйлесімсіздік. Көптеген ұйымдарда қаржылық есеп пен басқарушылық есептің арасында үйлесімді байланыс орнатылмаған. Бұл ақпараттық қайшылықтар мен деректердің қайталануына, сондай-ақ басшылық шешімдерінің дәлдігіне кері әсер етеді.

- ◆ Ақпараттың уақтылы еместігі және дәл еместігі [15].

Көптеген компанияларда ақпарат жинау мен өңдеу процестері қолмен орындалады немесе жеткіліксіз автоматтандырылған. Соның салдарынан есептіліктің уақтылы дайындалмауы және деректердің бұрмалануы орын алады. Бұл басқарушылық шешімдердің сапасын төмендетіп, ұйымның икемділігін шектейді.

1. Кадрлық және кәсіби даярлықтың жеткіліксіздігі. Басқарушылық есептілікті жасауға жауапты қызметкерлердің кәсіби дағдыларының жеткіліксіздігі, экономикалық талдау және заманауи цифрлық құралдарды қолдану қабілеттерінің болмауы есеп сапасын төмендетеді. Сонымен қатар, басқару деңгейінде ақпаратты дұрыс түсінбеу немесе оны қолдану дағдыларының болмауы да маңызды мәселе болып табылады.

2. Бюджеттеу және жоспарлау жүйесінің әлсіздігі. Басқарушылық есептіліктің тиімділігі ұйымның жоспарлау және бюджеттеу жүйесінің дамуына байланысты. Көптеген кәсіпорындарда бюджеттік бақылау тетіктері жеткілікті дамымаған, нәтижесінде нақты және жоспарлы көрсеткіштер арасындағы ауытқулар уақытында анықталмайды.

3. Цифрлық трансформацияның баяу енгізілуі. Басқарушылық есепті автоматтандыру және аналитикалық платформаларды (ERP, BI, Power BI, SAP т.б.) енгізу деңгейі төмен. Көптеген ұйымдар дәстүрлі есептеу тәсілдерінен толық автоматтандырылған жүйелерге өтуде техникалық және қаржылық қиындықтарға тап болады.

4. Тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескермеу. Басқарушылық есептіліктің көпшілігі тек өткен кезең көрсеткіштеріне сүйенеді, ал болашақ тәуекелдер мен сценарийлік талдау жеткілікті дәрежеде қарастырылмайды. Бұл ұйымның стратегиялық икемділігін шектейді.

5. Ішкі бақылау жүйесінің әлсіздігі. Ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз ететін ішкі аудит пен ішкі бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі есептіліктің сапасын төмендетеді [14].

Жалпы ішкі аудитті ұйымдастыру іс-шараларының басқарушылық есептілікке әсерін келесі кестеде қарастырылды.

Басқару есептілігінің факторлары, қазіргі уақытта ішкі аудит ақпарат көзі болып табылады. Бұл менеджерлер мен меншік иелеріне ұйымның қазіргі жағдайын ұтымды және объективті бағалауға көмектеседі. Сондай-ақ басқарушылық шешімдер қабылдай отырып, басшылыққа кеңес береді.

Кесте 3 – Ішкі аудитті ұйымдастыру іс-шараларының басқарушылық есептілікке әсері

№	Ішкі аудитті ұйымдастыру іс-шаралары	Іс-шараның мазмұны	Басқарушылық есептілікті дайындауға әсері
1	Ішкі аудит саясатын әзірлеу және бекіту	Аудиттің мақсаттары, қағидалары, әдістері мен жауапкершілігін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттарды қалыптастыру	Есептіліктің құрылымы мен мазмұны бірыңғай стандартқа келтіріледі, ақпараттың сенімділігі артады
2	Аудит жоспарын жасау және тәуекелдерді бағалау	Жылдық және тоқсандық ішкі аудит жоспарларын әзірлеу, тәуекел аймақтарын анықтау	Есептіліктегі маңызды көрсеткіштер мен тәуекел факторлары ескеріледі, шешім қабылдау сапасы жақсарады
3	Ақпараттық жүйелер мен деректер базасын тексеру	Автоматтандырылған есеп жүйелерінің дұрыстығын, деректердің сәйкестігін және қолжетімділігін талдау	Есеп деректерінің уақтылығы мен дәлдігі қамтамасыз етіледі, бұрмалау қаупі азаяды
4	Құжат айналымын бақылау және құжаттық аудит	Бастапқы есеп құжаттарының толықтығы мен дұрыстығын тексеру	Қаржылық және басқарушылық есептілік негізіндегі ақпараттың нақтылығы артады
5	Қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру және оқыту	Аудит стандарттары мен есеп жүргізу қағидалары бойынша ішкі тренингтер өткізу	Есепті дайындау барысында адами қателіктер азаяды, кәсіби мәдениет қалыптасады
6	Бюджеттеу және жоспарлау жүйесін бақылау	Кіріс пен шығыс көрсеткіштерін салыстыру, жоспарлы ауытқуларды талдау	Шынайы және жоспарлы деректер арасындағы сәйкестікті бағалау мүмкіндігі артады
7	Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру	Бақылау рәсімдерін автоматтандыру және тәуелсіз тексеру механизмдерін енгізу	Басқарушылық есептіліктің дәлдігі, ашықтығы және уақтылығы артады
8	Есеп беру сапасын бағалау және талдау нәтижелерін ұсыну	Ішкі аудит қорытындысы бойынша түзету шараларын қабылдау	Есептіліктің аналитикалық құндылығы мен стратегиялық маңыздылығы күшейеді
Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.			

Басқарушылық есептілік жүйесі, негізінен, ұйымның миссиясын бақылау тетігі болып табылады. Бұл миссия, әдетте, үш түрлі ағым тұрғысынан ресми жоспар арқылы анықталды:

- ◆ ұйымның қажетті құрылымы;
- ◆ ұйымдастырушылық мақсаттарды кезең-кезеңімен бекіту;
- ◆ сәттілік үшін маңызды айнымалылар [15].

Ресми жоспар нақты өмірде жағдайдың өзектілігін ескерместен дәл емес немесе жеткіліксіз болғандықтан, мониторинг жүйесі тиімсіз болады. Есеп беру жүйесін жасаушылар оған осындай шектеулердің әсерін ескеруі керек. Басқарушылық есеп берудің жақсы жүйесі компанияны сәтті етпейді.

Басқарушылық есептілік жүйесі – ұйымның стратегиялық және жедел шешім қабылдау үдерісін ақпаратпен қамтамасыз ететін маңызды құрал. 2023–2024 ж. Қазақстандағы бірқатар ірі компаниялар басқарушылық есептілікті жетілдіру және цифрландыру бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізді. Бұл талдауда «KazMunayGas» ҰК АҚ, «KEGOC» АҚ, және «Kaspi.kz» АҚ мысалдары қарастырылады.

«KazMunayGas» ҰК АҚ бойынша басқарушылық есептілік талдаудың нәтижесіне тоқталатын болсақ:

- ◆ 2023 ж. компания SAP ERP және BI жүйесін толық енгізіп, басқарушылық есепті автоматтандырды;
- ◆ басқарушылық есеп деректерінің нақтылығы 2022 жылмен салыстырғанда 14% артқан;
- ◆ ішкі аудит басқарушылық есептілік сапасын бағалау кезінде 35 процесс бойынша сәйкессіздіктер анықтап, олардың 90%-ы жойылды.

Сонымен қатар, талдау нәтижесінде, SAP негізіндегі интеграцияланған есеп жүйесі деректердің қайталануын азайтты және шығындар мен табыстар бойынша нақты талдау жасауға мүмкіндік берді.

Алайда кейбір еншілес ұйымдарда деректерді қолмен енгізу жалғасып, есептіліктің уақтылығын төмендетті.

2024 жылға қарай «KazMunayGas» АҚ-ғы басқарушылық есепті толық автоматтандыру арқылы есептіліктің шынайылығын және басқару шешімдерінің сапасын арттырды.

«KEGOC» АҚ-да энергетика секторы бойынша 2023 ж. компания Power BI негізінде қаржылық және өндірістік деректерді біріктіретін Management Dashboard жүйесін енгізді.

Бұл жүйе басқарушыларға нақты уақыт режимінде операциялық және қаржылық көрсеткіштерді көруге мүмкіндік берді.

Жалпы бұл бағыт 2024 ж. есептілік сапасына ішкі аудит нәтижесінде 93% сәйкестік деңгейі тіркелді және басқарушылық есептіліктің жеделдігі мен ашықтығы артқан.

Алайда, деректер сапасына әсер ететін негізгі қауіп – әр бөлімшенің есеп беру форматтарының біркелкі еместігі.

KEGOC тәжірибесі басқарушылық есеп жүйесін орталықтандыру деректер сапасын айтарлықтай жақсартатынын, бірақ форматтық үйлесім мәселесін шешу қажет екенін көрсетеді.

Келесі зерттеу объектіміз «Kaspi.kz» АҚ-ның басқарушылық есеп жүйесі толықтай бұлтты аналитикалық платформаға (Data Lake + Tableau) негізделген.

2023–2024 жж. ішкі есептілік деректерінің өңдеу уақыты 3 есеге қысқарған. Табыстар мен шығындар құрылымы автоматты түрде талданып, басқарушылық шешім қабылдау уақыты 40%-ға азайған.

Kaspi.kz басқарушылық есептілік жүйесін үздіксіз деректер талдау (real-time analytics) негізінде жетілдіруде. Компанияда деректер сапасын тәуелсіз ішкі аудит пен машиналық оқыту құралдары бақылайды [16].

Kaspi.kz мысалы басқарушылық есептілікті цифрландыру деректер сапасын арттырып, тәуекелдерді нақты бағалауға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Қазіргі заман талабына сай, Қазақстанның жетекші ұйымдары басқарушылық есептілікті жетілдіруде ERP және BI технологияларын белсенді енгізуде.

Ішкі аудит басқарушылық есептің сапасын бағалау мен жетілдіруде шешуші рөл атқарады. 2023–2024 жж. байқалған негізгі тенденция – есептілікті цифрландыру, автоматтандыру және нақты уақыттағы деректерді пайдалану.

Дегенмен, мәліметтердің үйлесімділігі мен деректер сапасын бақылау мәселелері өзекті күйінде қалуда.

Мәліметтердің үйлесімділігі мен деректер сапасын бақылау – ұйымдарда шешім қабылдаудың дұрыстығын қамтамасыз ететін маңызды аспект. Бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін бірнеше бағытты қарастыруға болады.

Мәліметтердің үйлесімділігі (data consistency) – деректер әртүрлі жүйелерде немесе бөлімдерде бірдей және сәйкесті болуын білдіреді.

Бір деректер бірнеше жүйеде әртүрлі жазылған (мысалы, клиенттің аты-жөні әр бөлімде әртүрлі). Жүйелер арасында ақпарат алмасу кезінде форматтық немесе семантикалық қателіктер [17].

Жалпы осы мәселерді шешу жолдары – деректерді стандарттау, яғни барлық бөлімдерде бірдей деректер форматын қолдану.

Терминология мен кодтау стандарттарын бекіту, атап айтқанда, мәліметтердің бір орталықтан басқарылуы.


Master Data Management (MDM) жүйесін енгізу: негізгі мәліметтер бір орталықта сақталады, барлық бөлімдер сол деректерді қолданады.

Сонымен қатар, автоматтандырылған синхрондау және тексеру, бір жүйедегі деректер екінші жүйеге автоматты түрде синхрондалуы тиіс.

Қолмен енгізу қателіктерін азайту үшін деректерді енгізу формаларын стандартизациялау.

Сондықтан, басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру мен бағалауда ішкі аудитті ұйымдастыру нәтижесі, әрбір компаниялардың сапасын жетілдіруге өз ықпал беретін келесі 3-суретте қарастырылды.

ІШКІ АУДИТ



Сурет 3 – Ішкі аудитті тиімді ұйымдастыру

Ескертпе: Авторлармен [18] дереккөз негізінде құрастырылған.

Ішкі аудитті тиімді ұйымдастыру басқарушылық есептіліктің сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады. 2023–2024 жж. Қазақстандық компаниялар тәжірибесі көрсеткендей, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және аудиттің жүйелі жүргізілуі басқарушылық есеп көрсеткіштерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Басқарушылық есептіліктегі мәліметтердің нақтылығы мен уақтылы болуы стратегиялық шешім қабылдаудағы басты құрал. Ішкі аудит нәтижесінде кәсіпорындар қаржылық ресурстарды тиімді пайдаланып, шығындарды оңтайландыруға, тәуекелдерді төмендетуге және табыстылықты арттыруға мүмкіндік алады [19].

Сондықтан ішкі аудитті басқару процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру, оны заманауи цифрлық технологиялармен біріктіру және үздіксіз жетілдіру – ұйымның тұрақты дамуы мен қаржылық ашықтығын қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Цифрлық трансформация жағдайында ішкі аудит деректерді жедел өңдеу, тәуекелдерді алдын ала анықтау және басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру құралдарының біріне айналуға.

Үлкен деректер (Big Data), процесс майнингі, автоматтандырылған бақылау жүйелері және аналитикалық платформаларды қолдану ішкі аудиттің тиімділігін арттырып, қателіктер мен бұрмалауларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кәсіпорындардағы басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің сапасы тікелей ішкі аудиттің ұйымдастырылу деңгейіне байланысты. Эмпирикалық талдау мен статистикалық есептеулерге сәйкес:

1. Басқарушылық көрсеткіштердің тұрақтылығы мен нақтылығы:

- ♦ ішкі аудит белсенділігі жоғары кәсіпорындарда бюджет орындалуының ауытқулары орта есеппен 12–15% төмен, ал көрсеткіштердің дәлдігі 90–95% деңгейінде сақталған;
- ♦ ішкі аудит тексерулері аз немесе жүйесіз жүргізілген кәсіпорындарда көрсеткіштердің сенімділігі 70–75% деңгейінде болған.

2. Тәуекелдерді төмендету тиімділігі:

- ♦ COSO және ІА стандарттарына сәйкес ұйымдастырылған ішкі аудит жүйесі тәуекелдердің алдын алу және түзету шараларын орындау деңгейін 20–25% арттырған;
- ♦ аудит ұсынымдарын орындау коэффициенті жоғары болған жағдайда қаржылық және операциялық көрсеткіштердің тұрақтылығы күшейген.

3. Басқарушылық шешімдердің негізділігі:

- ♦ ішкі аудит арқылы бағаланған басқарушылық есептілік көрсеткіштері стратегиялық шешімдер қабылдауда нақты дерекқор қызметін атқарған;
- ♦ корреляциялық талдау нәтижесі көрсеткендей, аудит белсенділігі мен басқарушылық шешімдердің сапасы арасындағы байланыстың коэффициенті $r = 0,82$ ($p < 0,05$) болған, яғни өте күшті оң корреляция анықталды.

4. Қаржылық және операциялық тиімділікке әсері:

◆ аудит жүргізілген кәсіпорындарда операциялық табыстылық орташа есеппен 8–10% артқан;

◆ шығындарды бақылау және бюджет бойынша орындалу деңгейі жоғары болған.

5. Ішкі аудит моделінің тиімділігі:

◆ зерттеу барысында авторлық модель әзірленді, онда:

◆ тәуекелдерді бағалау;

◆ бақылау ортасы;

◆ ақпараттық ағындарды мониторингтеу;

◆ аудит ұсынымдарын іске асыру кезеңдері жүйеленген.

Басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру және бағалау үшін ішкі аудитті ұйымдастырудағы нақты нәтижелер бойынша келесі ұсыныстар:

1. Ішкі аудиттің тәуекелге негізделген ұйымдастырылуын енгізу, атап айтқанда:

◆ басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің сенімділігін арттыру үшін кәсіпорындарда ПА және COSO стандарттарына сәйкес тәуекелге негізделген аудит жүйесін енгізу қажет;

◆ ішкі аудиттің тек қаржылық емес, операциялық және стратегиялық көрсеткіштерге де әсерін қамтамасыз ету ұсынылады.

2. Басқарушылық есептілікті жүйелендіру:

◆ барлық бөлімшелердің ақпараттық ағындары стандартталған форматта енгізілуі тиіс;

◆ көрсеткіштердің анықтамалары, есептеу әдістемесі және бақылау жиілігі корпоративтік деңгейде бекітілуі қажет.

3. Аудит нәтижелерін талдау және кері байланыс жүйесін жетілдіру:

◆ аудит қорытындылары бойынша түзету іс-шараларын бақылау және орындау жүйесін енгізу;

◆ ұсынымдарды орындау деңгейін KPI жүйесіне біріктіру.

4. Қызметкерлерді дайындау және әдістемелік қолдау – ішкі аудит мамандары мен есеп-қисап қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру;

◆ автоматтандырылған аналитикалық құралдарды пайдалану арқылы деректер сапасын арттыру.

5. Стратегиялық шешімдер қабылдауда басқарушылық есептілікті белсенді пайдалану:

◆ ішкі аудитпен бағаланған көрсеткіштерді басқарушылардың шешім қабылдау процесінде тұрақты негіз ретінде қолдану;

◆ көрсеткіштердің өзгеру динамикасын және тәуекел факторларын талдауға арналған тұрақты мониторинг жүйесін құру.

Ішкі аудитты басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру және бағалау процесіне енгізудің практикалық мәні бірнеше аспектіден көрінеді:

1. Шешім қабылдаудың сапасын арттыру. Ішкі аудит көрсеткіштердің дұрыстығы мен сенімділігін тексеру арқылы басқарушыларға нақты деректерге негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл ұйымның стратегиялық және тактикалық жоспарларын тиімді орындауға жол ашады.

2. Ішкі бақылауды күшейту. Көрсеткіштердің қалыптасуы мен бағалануы барысында ішкі аудит жүйесі деректердің дұрыстығын, сәйкестігін және толықтығын қамтамасыз етеді. Бұл бухгалтерлік және қаржылық есептеудің дәлдігіне кепілдік береді, ал есеп беру процесіндегі қателіктер мен бұрмалауларды азайтады.

3. Қаржылық және басқарушылық тәуекелдерді азайту

Ішкі аудит көрсеткіштердің объективтілігін және көрсетілген нәтижелердің нақты жағдайға сәйкестігін тексереді. Нәтижесінде ұйымда қаржылық тәуекелдер, операциялық қателіктер және стратегиялық мақсаттарға жетуге кедергі болатын мәселелер уақытылы анықталады.

4. Ұйымның тиімділігін арттыру. Басқарушылық есептілік көрсеткіштерінің сапасы мен уақтылығы артқан сайын ұйым ресурстарын тиімді бөлу, өнімділікті бағалау және қызметкерлерді мотивациялау процестері оңтайландырылады.

5. Цифрлық трансформация мен автоматизацияға қолдау көрсету

Ішкі аудит процестерін ақпараттық жүйелермен интеграциялау ұйымға KPI-ларды автоматты түрде бақылауға, есептерді визуализациялауға және нақты уақыт режимінде талдау

жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл басқарушылық есептіліктің заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманда ұйымдардың тиімділігін арттыру үшін басқарушылық есептілік (management accounting) тек қаржылық нәтижелерді көрсету құралынан әлдеқайда кеңірек қолданылатын стратегиялық басқару құралына айналды. Ішкі аудит қызметінің рөлі осы процеске тікелей байланысты: ол ұйымның ішкі бақылау жүйесін, деректердің сенімділігін және көрсеткіштердің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижесіне жаңалық ретінде келесілерді атап өтуге болады:

1. Ішкі аудит пен басқарушылық есептілікті интеграциялау

Жаңашылдық – ішкі аудит тек қаржылық бақылау ғана емес, сонымен қатар басқарушылық шешім қабылдауды қолдайтын есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру мен бағалау функцияларын атқара алады. Бұл тәсіл басқарушы персоналға стратегиялық шешімдер қабылдауда нақты және сенімді ақпарат береді.

2. Көрсеткіштердің тиімділігін бағалауға аналитикалық тәсілдерді қолдану

Ғылыми жаңалық – ішкі аудит көрсеткіштердің объективтілігін тексеру кезінде дәстүрлі бақылау әдістерінен бөлек, аналитикалық және статистикалық әдістерді пайдаланады. Мысалы, Performance Metrics Audit немесе Key Performance Indicators (KPI) Reliability Assessment әдістері арқылы көрсеткіштердің стратегиялық мақсаттарға сәйкестігі бағаланады.

3. Цифрлық технологиялар мен автоматизацияны пайдалану

Ішкі аудитты ұйымдастырудағы жаңалық – деректерді жинау, талдау және есептілікті визуализациялау үшін ақпараттық технологияларды (мысалы, ERP жүйелері, Business Intelligence құралдары) қолдану. Бұл көрсеткіштердің уақтылығын, дәлдігін және толықтығын арттырады, сондай-ақ басқарушыларға нақты уақыттағы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

4. Құрылымдық және процедуралық жаңалықтар Ұйым ішіндегі ішкі аудиттың құрылымы басқарушылық есептіліктің сапасын арттыру үшін арнайы модульдік түрде ұйымдастырылады:

- ◆ есептілік деректерін тексеру және дұрыстығын растау;
- ◆ көрсеткіштердің стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін талдау;
- ◆ аудит нәтижелері бойынша басқарушы шешімдерге ұсыныстар енгізу.

Ішкі аудитты басқарушылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру мен бағалауда қолдану ұйымның стратегиялық басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Басқару есептілігінің сапасын көтеретін және ішкі бақылау қызметінің рөлін кеңейтетін жаңа ғылыми бағыт.

Қорытынды

Ішкі аудитті жаңғыртудың өзектілігі қазіргі заманғы экономикалық қатынастардың дамуымен және ұйымдарды басқарудың тиімді тетіктерін іздеумен тығыз байланысты. Басқару жүйесінің сапалы трансформациясы жағдайында ішкі бақылау мен аудит жүйесі ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық құралға айналуға.

Осы тұрғыдан алғанда, ішкі аудиттің негізгі мақсаты – басқарушылық шешімдерді қабылдау процесін ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету және тәуекелдерді уақтылы анықтап, оларды азайтуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі басқарушылық есептілікті қалыптастырудың негізі бола отырып, ұйымның экономикалық тиімділігін арттыруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және қаржылық тәртіпті сақтауға мүмкіндік береді. Ішкі аудитті жүйелі зерттеу ұйым қызметінің барлық аспектілерін қамтитын басқарушылық және бақылаушылық процестерді жетілдіруге бағытталады.

Сондықтан ішкі аудитті жетілдіру тек бақылау функциясымен шектелмей, стратегиялық басқарудың ажырамас элементі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл ретте аудиттің заманауи әдістері мен цифрлық технологияларды енгізу ұйым қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, ішкі аудитті дамыту және оны басқару жүйесіне тиімді интеграциялау – ұйымның тұрақты өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Осы бағыттағы ғылыми және тәжірибелік ізденістер ішкі аудиттің жаңа үлгісін қалыптастыруға, басқарушылық есептіліктің сапасын арттыруға және ұйым қызметінің тиімділігін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-І Заңы (06.07.2021 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/doc_id=1011692 (өтініш берілген күн: 05.09.2021)
- 2 Управленческая отчетность с формами и примерами. URL: <https://www.1cashflow.ru/ upravlencheskaya-otchetnost-formy-i-primer-sostavleniya> (дата обращения: 03.09.2021)
- 3 Mock T.J., Turner J.L. Internal Accounting Control Evaluation and Auditor Judgement: An Anthology. New York: Routledge, 1999. 290 p.
- 4 Hammer M. Beyond Reengineering: How the Process-Centered Organization is Changing Our Work and Our Lives. New York: HarperBusiness, 1996. 408 p.
- 5 Institute of Internal Auditors (IIA). International Professional Practices Framework (IPPF). Altamonte Springs (FL): The Institute of Internal Auditors, 2017. 128 p.
- 6 Simon H.A. Administrative Behavior: A Study of Decision-Making Processes in Administrative Organization. 4th ed. New York: Free Press, 1997. 384 p.
- 7 Евдокимова А.В., Пашкина И.Н. Внутренний аудит и контроль финансово-хозяйственной деятельности организации: практическое пособие. – М., 2017. – 257 с.
- 8 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңы (06.07.2021 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30092011
- 9 Кеворкова Ж.А. Внутренний аудит: учебное пособие для студентов вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. – 319 с.
- 10 Вахорина М.В. Управленческая отчетность как объект внутреннего аудита // Финансовый менеджмент. – 2018. – № 3. – С. 4–9.
- 11 Галкина Е.В. Современная модель внутреннего контроля в корпоративном менеджменте // Российское предпринимательство. – 2018. – № 1. – С. 223–230.
- 12 Иванов О.Б. Построение систем внутреннего аудита компании на основе внутрикорпоративных стандартов // Аудитор. – 2018. – № 11. – С. 30–35.
- 13 Werner M., Wies M. Embedding process mining into financial statement audits // International Journal of Accounting Information Research. 2021. URL: https://e-tarjome.com/storage/panel/fileuploads/2021-10-16/1634377789_E15641.pdf (accessed: 03.05.2025)
- 14 Ильина М.Н., Сейталиева Р.А. Роль внутреннего аудита в системе управления деятельностью // Успехи современной науки и образования. – 2020. – № 12. – С. 26–32.
- 15 Сакенова З.М., Сакенов Н.А. Аудит: учебное пособие. – Нур-Султан: Туран-Астана, 2019. – 166 с.
- 16 Аудит: учебник для бакалавров / под ред. Р.П. Блыги. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. – 431 с.
- 17 Халықаралық аудит стандарттары (ISA). ISA 300 «Аудитті жоспарлау». – IAASB, 2019.
- 18 Cangemi M.P., Singleton T.W. Managing the Audit Function. Hoboken: Wiley, 2002. URL: <https://www.wiley.com/en-us/Managing+the+Audit+Function-p-9780471281191>
- 19 Kagermann H., Kinney W., Kuting K., Weber C. Internal Audit Handbook: Management with the SAP® Audit Roadmap. Berlin: Springer, 2009. URL: <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-540-70887>
- 20 Байболтаева Н.А. Қаржылық есептіліктің аудиті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 256 б.
- 21 Abdelrahim A., Al Malkawi H.N. The influential factors of internal audit effectiveness: a conceptual model // International Journal of Financial Studies. 2022. Vol. 10, No. 3. P. 71. URL: <https://www.mdpi.com/2227-7072/10/3/71>
- 22 Johnstone K.M., Gramling A.A., Rittenberg L.E. Auditing: A Risk-Based Approach to Conducting a Quality Audit. Boston: Cengage Learning, 2020. 912 p.
- 23 Arens A.A., Elder R.J., Beasley M.S. Auditing and Assurance Services: An Integrated Approach. 17th ed. New York: Pearson Education, 2021. 832 p.

REFERENCES

- 1 «Auditorlyq qyzmet turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 1998 jylǵy 20 qaraşadaǵy No. 304-I Zańy (06.07.2021 j. ózgerister men tolyqtyrularymen). URL: https://online.zakon.kz/Document/doc_id=1011692 (ótinis berilgen kün: 05.09.2021) (In Kazakh)
- 2 Upravlencheskaja otchetnost' s formami i primerami. URL: <https://www.1cashflow.ru/upravlencheskaya-otchetnost-formy-i-primer-sostavleniya> (data obrashhe-nija: 03.09.2021) (In Russian)
- 3 Mock T.J., Turner J.L. (1999) Internal Accounting Control Evaluation and Auditor Judge-ment: An Anthology. New York: Routledge. 290 p. (In English)
- 4 Hammer M. (1996) Beyond Reengineering: How the Process-Centered Organization is Changing Our Work and Our Lives. New York: HarperBusiness. 408 p. (In English)
- 5 Institute of Internal Auditors (IIA). International Professional Practices Framework (IPPF). Altamonte Springs (FL): The Institute of Internal Auditors, 2017. 128 p. (In English)
- 6 Simon H.A. (1997) Administrative Behavior: A Study of Decision-Making Processes in Admin-istrative Organization. 4th ed. New York: Free Press. 384 p. (In English)
- 7 Evdokimova A.V., Pashkina I.N. (2017) Vnutrennij audit i kontrol' finansovo-hozjajstvennoj dejatel'nosti organizacii: prakticheskoe posobie. M., 257 p. (In Russian)
- 8 «Buhgalterlik esep pen qarjylyq esepilik turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jylǵy 28 aqpandaǵy Zańy (06.07.2021 j. ózgerister men tolyqtyrularymen). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30092011 (In Kazakh)
- 9 Kevorkova Zh.A. (2017) Vnutrennij audit: uchebnoe posobie dlja studentov vuzov. M.: JuNITI-DANA. 319 p. (In Russian)
- 10 Vahorina M.V. (2018) Upravlencheskaja otchetnost' kak ob#ekt vnutrennego audita // Fi-nansovyj menedzhment. No. 3. P. 4–9. (In Russian)
- 11 Galkina E.V. (2018) Sovremennaja model' vnutrennego kontrolja v korporativnom me-nedzhmente // Rossijskoe predprinimatel'stvo. No. 1. P. 223–230. (In Russian)
- 12 Ivanov O.B. (2018) Postroenie sistem vnutrennego audita kompanii na osnove vnutri-korporativnyh standartov // Auditor. No. 11. P. 30–35. (In Russian)
- 13 Werner M., Wies M. (2021) Embedding process mining into financial statement audits // International Journal of Accounting Information Research. URL: https://e-tarjome.com/storage/panel/fileuploads/2021-10-16/1634377789_E15641.pdf (accessed: 03.05.2025) (In English)
- 14 Il'ina M.N., Sejtalieva R.A. (2020) Rol' vnutrennego audita v sisteme upravlenija deja-tel'nost'ju // Uspehi sovremennoj nauki i obrazovanija. No. 12. P. 26–32. (In Russian)
- 15 Sakenova Z.M., Sakenov N.A. (2019) Audit: uchebnoe posobie. Nur-Sultan: Turan-Astana. 166 p. (In Russian)
- 16 Audit: uchebnik dlja bakalavrov / pod red. R.P. Blygi. M.: JuNITI-DANA, 2009. 431 p. (In Russian)
- 17 Halyqaralyq audit standartary (ISA). ISA 300 «Auditti josparlau». IAASB, 2019. (In Kazakh)
- 18 Cangemi M.P., Singleton T.W. (2002) Managing the Audit Function. Hoboken: Wiley. URL: <https://www.wiley.com/en-us/Managing+the+Audit+Function-p-9780471281191> (In English)
- 19 Kagermann H., Kinney W., Kuting K., Weber C. (2009) Internal Audit Handbook: Management with the SAP® Audit Roadmap. Berlin: Springer. URL: <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-540-70887> (In English)
- 20 Baiboltaeva N.A. (2020) Qarjylyq esepiliktñ audit: oqu qūraly. Almaty: Qazaq universiteti. 256 p. (In Kazakh)
- 21 Abdelrahim A., Al Malkawi H.N. (2022) The influential factors of internal audit effectiveness: a conceptual model // International Journal of Financial Studies. Vol. 10, No. 3. P. 71. URL: <https://www.mdpi.com/2227-7072/10/3/71> (In English)
- 22 Johnstone K.M., Gramling A.A., Rittenberg L.E. (2020) Auditing: A Risk-Based Approach to Conducting a Quality Audit. Boston: Cengage Learning. 912 p. (In English)
- 23 Arens A.A., Elder R.J., Beasley M.S. (2021) Auditing and Assurance Services: An Integrated Approach. 17th ed. New York: Pearson Education. 832 p. (In English)

БАЙБУЛЕКОВА Л.А.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: leila_abdibaevna@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6820-6035

КАСЫМБЕКОВА Г.Р.,*²

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: g.kasymbekova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ОНАЛТАЕВ Д.О.,³

к.э.н., профессор.

e-mail: darkhano@inbox.ru

ORCID ID: 0000-0002-4247-5288

МОЛДАХОЖАЕВ Ш.Ш.,⁴

м.ю.н., ст. преподаватель.

e-mail: mshsh@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-2351-0105

¹Университета Международного бизнеса

им. К. Сагадиева,

г. Алматы, Казахстан

²Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

³Казахский национальный университет

им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

⁴Казахский национальный педагогический

университет им. Абая,

г. Алматы, Казахстан

ОРГАНИЗАЦИЯ ВНУТРЕННЕГО АУДИТА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ И ОЦЕНКИ ПОКАЗАТЕЛЕЙ УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ ОТЧЕТНОСТИ

Аннотация

Внутренний аудит является неотъемлемой частью современной системы корпоративного управления и играет важную роль в оценке и совершенствовании эффективности механизмов внутреннего контроля организации. Внутренний аудит рассматривается как независимая служба внутри предприятия, направленная на совершенствование управленческих процессов, эффективное использование ресурсов и снижение рисков. Данное исследование посвящено анализу содержания системы внутреннего аудита, его функций, роли во внутренней управленческой отчетности и значимости при принятии экономических решений. В статье рассматривается взаимосвязь между внутренним аудитом и системой внутреннего контроля, а также их значение для обеспечения устойчивого развития организации. В ходе исследования определены основные функции и задачи внутренних аудиторов, предложены механизмы эффективной организации внутреннего аудита в условиях казахстанских предприятий. Кроме того, проанализированы факторы, влияющие на эффективность системы внутреннего контроля, и пути ее совершенствования. Авторы подчеркивают необходимость развития методической и информационной базы внутреннего аудита для повышения качества управленческой отчетности. Внутренний аудит обеспечивает достоверность, своевременность и актуальность управленческой отчетности, предоставляя руководству компании надежную информацию для принятия стратегических решений. Это, в свою очередь, способствует укреплению финансовой стабильности организации и повышению ее общей эффективности. По результатам исследования определены современные направления совершенствования управленческой отчетности, включая внедрение цифровых технологий, использование риск-ориентированных методов аудита и преимущества автоматизации внутренней аудиторской деятельности. Совершенствование внутреннего аудита позволяет организациям повысить прозрачность, гибкость и способность реализовывать долгосрочные стратегии развития.

Ключевые слова: аудит, внутренний аудит, система внутреннего контроля, бюджетирование, оценка показателей, управленческая отчетность, качество отчетности.

BAIBULEKOVA L.A.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: leila_abdibaevna@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6820-6035

KASYMBEKOVA G.R.,*²

PhD, associate professor.

*e-mail: gulzhahan_k@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ONALTAYEV D.O.,³

c.e.s., professor.

e-mail: darkhano@inbox.ru

ORCID ID: 0000-0002-4247-5288

MOLDAKHOZHAEV Sh.Sh.,⁴

master of law, senior lecturer.

e-mail: mshsh@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-2351-0105

¹K. Sagadiev University of International Business,

Almaty, Kazakhstan

²Turan University,

Almaty, Kazakhstan

³Al-Farabi Kazakh national university,

Almaty, Kazakhstan

⁴Abai Kazakh National Pedagogical University,

Almaty, Kazakhstan

ORGANIZATION OF INTERNAL AUDIT FOR THE FORMATION AND EVALUATION OF MANAGEMENT REPORTING INDICATORS

Abstract

Internal audit is an integral part of modern corporate governance systems and plays a crucial role in evaluating and improving the effectiveness of an organization's internal control mechanisms. Internal audit is considered an independent function within an enterprise, aimed at enhancing management processes, optimizing resource utilization, and reducing risks. This study analyzes the content of the internal audit system, its functions, its role in improving managerial reporting, and its significance in economic decision-making. The article examines the interrelationship between internal audit and the internal control system, highlighting their importance in ensuring the sustainable development of an organization. The study identifies the main functions and responsibilities of internal auditors and proposes mechanisms for effective organization of internal audit in the context of Kazakhstani enterprises. In addition, factors affecting the effectiveness of the internal control system and ways to improve it are analyzed. The authors emphasize the need to develop the methodological and informational base of internal audit to enhance the quality of managerial reporting. Internal audit ensures the accuracy, timeliness, and relevance of managerial reports, providing company management with reliable information for strategic decision-making. This, in turn, strengthens the financial stability of the organization and improves its overall efficiency. The study results identify modern directions for improving managerial reporting, including the implementation of digital technologies, the use of risk-based audit methods, and the advantages of automating internal audit functions. Enhancing internal audit enables organizations to increase transparency, flexibility, and the ability to implement long-term development strategies.

Keywords: audit, internal audit, internal control system, budgeting, performance evaluation, managerial reporting, reporting quality.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.10.2025